

№ 8 Мойынқұм колледжі

Пәні : *Есептеуіш жүйені аппараттық қамсыздандыру*

Мамандық : *ЭЕМ операторы*

Курс : *ОП-13*

Мойынқұм ауылы – 2018 жыл

Сабақтың тақырыбы: Сканер құрылғысы.

Сабақтың мақсаты: білімгерлерге сканер туралы түсінік қалыптастыру.

Осы құрылғының жұмыс істеу принциптерімен таныстыру, жұмыс істеуге үйрету.

Сабақтың міндеттері:

- **Мазмұнға байланысты міндет** : Жалпы ақпараттық құралдармен жұмыс жасау қабілеттері қалыптасады, пәнге деген қызығушылық әрекеті дамиды.
- **Сыни ойлауды дамыту:** Алған білімдерін салыстыра топтастыра отырып, нақты мәлімет алады.
- **Топпен жұмыс:** Білімгерлерді адамгершілікке, ұқыптылыққа, алған теориялық білімдерін іс жүзінде қолдануға, өз бетімен жұмыстануға тәрбиеленеді

Сабақтың көрнекілігі:

Оқулық, компьютер, интерактивті тақта, проектор, жұмыс дәптері, слайд, бағалау парақтары, баға мониторингі.

Стратегиялар:

Топтастыру, бес жолды өлең, ВЕНН диаграммасы

Сабақтың түрі:

Жаңа сабақты меңгерту

Сабақтың әдісі:

интерактивті тақтамен жұмыс

Сабақ барысы

I. Ұйымдастыру

1.Білімгерлермен амандасу

2.Білімгерлерді түгендеу.

3.Білімгерлер назарын сабаққа аудару

II. Білімін тексеру

1.Құжаттарды танып-білудің мақсаты қандай?

2.Құжатты танып-оқу жүйесі қандай?

3.Сәйкесін тап. Әр принтерді өз атауының жанына орналастыр.



4. Синкуэйн. (бес жолды өлең)

1.Принтер

2.Төртбұрышты пластмасс қорап, алдында қағаз салатын суырмасы және қағаз шығатын қуысы, тоққа қосылатын кабельдері бар.

3.Ақпаратты қағаз бетіне басып шығарады

4.Компьютерде басылған ақпараттарды, графикалық бейнелерді, суреттерді қағаз бетіне басып шығару үшін қажет

5.Баспа машинкасы

III. Жаңа сабақтың мақсатын түсіндіру.

IV. Жаңа сабақты түсіндіру.

Сканер – қағаздағы кескінді (жазуды, суретті) түсіріп дисплей экранына шығаруға мүмкіндік береді. Кескінді сканерлегеннен кейін графикалық программаларда үлкейтуге, кішірейтуге болады

Сканер – электронды механикалық құрылғы. Сканерді планшетті, барабанды және қолмен басқарылатын деп бөлуге болады.



планшетті сканер



барабанды сканер



қолмен басқарылатын сканер




Планшетті сканер

Планшетті сканер бейнені оригиналдан ғана сканерлейді

Планшетті сканер тікбұрышты формада пластмассадан жасалады. Корпустың ішкі жағында қозғалмалы каретка орналасқан. Сканерде түстердің 4 типі қолданылады: □ газоразрядты лампалар – жоғары сәулелі жылдамдықпен жұмыс істейді, бірақ энергияны көп тұтынады.

□ «ЫСТЫҚ» катодты лампалар – бірдей спектрде сәуле береді, аз уақыт қызмет көрсетеді (шамамен 1 000 сағат). □ «САЛҚЫН» катодты лампа - өте ұзақ уақыт қызмет көрсетеді (5-тен 10 мың сағат), төмен жұмыс температурасы энергияны көп қажет етеді. □ Светодиодтар – энергияны аз тұтынады.



жұмыс істеу схемасы




Барабанды сканерлер


Барабанды сканерлер көбінесі полиграфияда қолданылады.

Жұмыс істеу принципі:

Сканерленетін қағаз, сурет барабанның сыртқы және ішкі жағына салынады да, барабан жоғары жылдамдықпен айналып сезімтал матрица немесе лазер арқылы оригиналды сканерлейді.



Айналдыру барабаны



сканерлеу бастиегі



Қолмен басқарылатын сканерлер


Сканерді парақ, штрих код және с.с. Бетімен жылжытады да, мәліметтерді компьютерге енгізеді.



lgs.ru

Диагностикалық сканерлер

Сканердің жұмыс істеу схемасы



Штрих коды оқитын сканерлер



V. Жаңа білімді бекіту

1. Планшетті сканермен жұмыс.

Тапсырма:

Мына №1 суретті сканерден өткізіп, түрін №2 суретке келтір.



№ 1 сурет

сурет




№2

2. ВЕНН диаграммасы

Принтер мен сканердің ұқсастығы мен айырмашылығын ажырату

сканер принтер ортақ



3. Тест тапсырмасын орындау

Тест сұрақтары және жауап беру парақтары таратылады.

Тестің дұрыс
жауаптары



VI. Қорытындылау, бағалау

Оқушыларды әрбір бөлімге қатысуына байланысты бағалау

VII. Үйге тапсырма:

сканер құрылғысы туралы бес жолды өлең құрастыру, баяндама жазып келу.